



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Күлімсіреу және мәдениеттер
тартысы





Дәрістің мақсаты: оқырман мәдениеттер арасындағы жымию мен күлімсіреудің де айырмашылықтары, әр мәдениетке тән мағынасы болатынына назар аударады.

Дәрістің басты терминдері: формалды жымию, коммерциялық жымию, шынайы жымию.

- Формалды жымию – батыс мәдениетінде бөгде адамдарды қарсы алу түрі, таныс емес орында бөтен адамдардан қорғану, қауіпсіздік шарасы.
- Коммерциялық жымию – заманауи сатушы-сатып алушы арасындағы қызмет көрсетудегі шынайы емес, дағдылы жымию.
- Шынайы жымию – жақсы сезімдер мен жайлы қатынастарға деген адамның көңілінен шыққан табиғи реакциясы.

1. Жымиюдyң әртүрлілігі – бұл мәдениеттің әртүрлілігі

Батыстың көзімен қарағанда, орыстардың бір қызық ерекшелігі дейді ғалым Тер-Минасова – олардың түнеріп жүретіндігі, адамды суық қарсы алып, күлімсіремейтіндіктері. Орыстар ағылшынтілді әлемге түскенде жан-жағындағы жымиғандарды көріп, таң-тамаша болады. Лондон университетінің тағылымдамасынан Британ Кеңесі бағыты бойынша өтіп келгенімде әріптестерім таңғаларлық не нәрсе көргенімді сұрады деп еске алады кітап авторы. Менің кідірместен: «Олар жымиып жүреді. Барлық жерде: көшеде де, емханада да, жеделсатыда да жымиып жүреді, мүлде танымайтын адамдарына да жымия береді» дегенім есімде. 1973 жылы совет әлемі мен капиталистік ел әлемі арасындағы айырмашылық жер мен көктей болған уақытта мұндай әсер алуым қалыпты жағдай болатын. Бірнеше ай бойы мәдени шок алған азық-түлік, тауар, кітаптың молшылығы да, техника мен сервистің ғажайыптары да дәл осы жымию сияқты таңғалдырмапты.

2. Формальды жымию

Батыс әлемінде жалпы ағылшынтілді әлемде жымию – бұл мәдениеттің (этнографиялық мағынадағы) белгісі, бұл – дәстүр, салт: езу тартып, бөтен ойыңыздың жоқ екенін, тонамайтыныңызды, өлтірмейтініңізді білдіру. Бұл – тұлғаның айналасындағыларға өзінің аталмыш мәдениет, қоғам өкілі екенін формалды түрде көрсету тәсілі. Жымию шынайы көңілдің, ниеттің, қатынастың белгісі болып саналатын орыс мәдениетінің өкілдері үшін де бұл тәсіл аса жағымды.

Бар болғаны осы. Әр мәдениеттің жымиюы да әрбасқа. Батыс әлемінде жымию, бір жағынан, кімге қаратылса да оған деген ниеттің түзу екенін білдіруі шарт емес, мәдениеттің формалды белгісі, екінші жағынан жағымды эмоцияға деген биологиялық реакция; ал орыстарда бұл тек соңғысы ғана. Сондықтан жымиюға қатысты қобалжудың, иықты қиқаңдатудың, күдіктенудің қажеті жоқ – бәрі де қалыпты, табиғи нәрсе. Әр мәдениеттегі қызметі әрбасқа.

Орыстардың күле бермейтін дәстүрі тамырын тереңнен алады. Жымию, күлу – бұл тек қуанышты, жанның рақаттанған сәттерін көрсететін әрекеттер. Басқа жағдайларда бұл – тек ақымақтық. Ежелгі Русь даналығы былай дейді:

«Ұлым менің, адамдар арасында болғанда не оларға жақындағанда күлме: күлкіден ақымақтық туады, ақымақтықтан жанжал, жанжалдан төбелес шығады, төбелестің ақыры – кісі өлтіру, ал кісі өлтіру – күнә» («Повесть об Акире Премудром», XII в.).

Ақ жарқын күлкімен жаныңның қуанышын жеткізу оңай... Немесе жүрегің қуанса, өңің де бал-бұл жанып кетпей ме? (Св. Василий).

В.И. Дальдің сөздігінде күлкіге қатысты мынадай фразеологиялық мысалдар берілген: Где грех, там и смех /Күнә бар жерде күлкі бар/; Набьет и улыбка оскомину /Күлкіден де тіл ойылар/; Смехом сыт не будешь /Күлкімен тоқ болмайсың/; Смех до добра не доводит /Күлкі мұратқа жеткізбейді/.



Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Мынадай эксперимент жасаңыз: бұрын мүлде болмаған, танымайтын ортаға кірерде шын көңіліңізбен күлімсіреңіз. Барлық реакцияларды еске түсіріп, тіркеңіз. Жағымды реакцияның (сізге де күлімсіреп жауап қайтарғандардың) мөлшерін анықтаңыз.

2. Ары қарайғы ситуацияның жүру барысын талдаңыз. Мақсатыңыздың, шаруаңыздың сәтті болуына осы әрекетіңіз себепші болды ма, ойланыңыз.

3. Өзіңізді үнемі күліп жүретін ақжарқын жандардың санатына қоса аласыз ба? Қазақ тіліндегі осы ұғымды беретін сөздерді санамалап шығыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Қоғамдағы формалды жымыыстарды қандай мекемелерге кіргенде байқап жүрсіз?
2. Коммерциялық жымыю біздің мәдениетімізде сәтті орын алып жатыр ма?
3. Шынай күлу қаншалықты дефицит?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. <https://istina.msu.ru/publications/article/1276095/>.
2. <http://открытыйурок.рф/статьи/609411/>.
3. Тер-Минасова С.Г., Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, «Издательство Московского Университета», 2004 г.
4. Құлсариева А., Қазіргі заман мәдениеті. – А: Қазақ университеті, 2008.123 б.
5. Кәрібозов Е., Жұмаділова М., Мәдениетаралық коммуникация және аударма мәселелері. – А: Қазақ университеті, 2013. – 113 б.
6. Умирзакова З.А., Концептуальные основания приветственного комплекса традиционной культуре казахов// Культура в зеркале языка. – Алматы: Елтаным, 2014.
7. Кішібеков Д., Қазақ менталитеті: Кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999.